

Х.ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ



Х.Досмұхамедов атындағы Атырау
мемлекеттік университеті Ғылыми
Кенесінің төрағасымен
Ректор _____ А.Талтенов
20 _____ ж. _____ хаттама 5

**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ПРОГРАММА
EDUCATION PROGRAMME**

6B01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Білім беру бағдарламасының атауы

6B01701 – Учитель казахского языка и литературы

Название образовательной программы

6B01701 - Kazakh language and literature teacher

Name of education programme

Атырау, 2019

Факультет Көптілді білім беру

Кафедра Қазақ тілі және әдебиеті

6B01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі білім бағдарламасы

ББ типі:

Қолданыстағы

Жаңа

Инновациялық

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАР (Академиялық комитет):

Атыжөні	Лауазымы	Байланыс ақпараты	Қолы
Жүсіп Қ.Ө.	ф.ғ.д. профессор	87750731709	
Балтоғаева Ж.Е.	ф.ғ.к. аға оқытушы	87013652900	
Сабилова Г.Н.	ф.ғ.к. аға оқытушы	87028795440	
Дәулетова А.Н.	аға оқытушы	87018800681	
Кубиева Н.П.	6M011700- Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 2 курс магистранты	87785203503	
Орынбасарова А.Е.	Қазіргі заманғы жоғары колледжі директорының оқу-ісі жөніндегі орынбасары, филология магистрі	87022026080	

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

1.1 Бағдарламаның циклі:

Бірінші цикл: бакалавриат 6 деңгей НРК / ОРК / МСКО

1.2 Берілетін дәрежесі: 6B01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі білім бағдарламасы бойынша білім бакалавры

1.3 Жалпы кредит көлемі: 240 академиялық кредит /240 ECTS

1.4 Оқу мерзімі: 4 жыл

1.5 ББ ерекшеліктері

6B01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі білім бағдарламасы негізінде тіл білімі және әдебиеттану ғылымының теориялық мәселелері тарихи-тілдік жүйе бойынша оқытылады. Бұл ретте білім бағдарламасы қазіргі таңдағы еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, орта мектептерде кеңінен қолданыс тапқан жаңартылған білім мазмұнына сай сапалы кәсіби білім беруді мақсат етеді.

6B01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімін даярлайтын білім бағдарламасының тілтанымдық мәселелері төл әліпбиіміздің дыбыстық құрамы, ерекшеліктері, жазу тарихы туралы білім беруден басталып, бүгінгі таңдағы мемлекеттік жазу ретінде басшылыққа алынатын латыннегізді қазақ әліпбиі туралы біліммен қорытындыланады. Сондай-ақ, сан ғасырлар бойы ұлтымыздың тұтастығын сақтаған және ұлттық мәдениетімізді бүгінгі күнге жеткізген ұлттық құндылығымыз – қазақ тілінің бай сөздік құрамы, сөздің тура және ауыспалы мағыналары, лексикалық, грамматикалық құрылымы, морфологиялық, сөзжасамдық жасалу тәсілдері, сөз тіркесі, сөйлем, сөйлемнің түрлері туралы теориялық білімді қалыптастырады.

Білім бағдарламасы негізінде әдебиеттану ғылымының үш саласы – әдебиет теориясы, әдебиет сыны және қазақ әдебиеті тарихы қамтылады. Қазақ, шығыс, орыс, батыс әдебиеті өкілдерінің шығармаларына кешенді, салыстырмалы, текстологиялық талдау жүргізу арқылы, мәтінмен жұмыс жасауға, жазушы стилін, әдеби байланысты анықтауға ықпал етеді. Сөз өнерінің барлық жаңрларының табиғатын зерттеу мен зерделеуді игертеді. Әдебиет сыны ұлт әдебиеті тарихының даму процестерін сыни тұрғыдан зерделеуге бейімдейді

Ұлт әдебиетінің негізгі арналары – халық ауыз әдебиеті мен түп тамыры ежелгі дәуір әдебиетінен бастау алатын әдебиет тарихы дәуірге жүйеленіп оқытылады. Болашақ маман дәуірлік кезеңмен игеретін қазақ жазба әдебиетінің тарихына баса назар аударылады. Түркі халықтарына ортақ әдеби мұра және жазба ескерткіштер тарихы мен қазақтың халықтың әдебиеті арасындағы сюжеттік байланысты оқыта келе, хандық дәуірдегі жыраулар поэзиясының мектебін ХІХ ғасыр әдебиетіндегі үдеріс кезеңімен (сал серілер, алғашқы ағартушылар) байланыстыра, ХХ ғасыр әдебиетін Алаш идеялы инерциялы ағарту кезеңінен бастап кеңес дәуірімен жалғастырып, қазіргі қазақ әдебиеті тарихымен қорытындыланады.

Жаңартылған мазмұндағы әдістемелік пәндерді оқыту нәтижесінде болашақ маман оқытудың жаңа технологияларын, әдіс-тәсілдерін меңгеріп, ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді сабақ жоспарын жасауға дағдыланады, сонымен қатар, бағалаудың өлшемдері, жиынтық бағалау, ағымдағы бағалау жұмыстарының қыр-сырын үйренеді.

2. МАҚСАТЫ ЖӘНЕ НЕГІЗДЕМЕ

2.1. ББ мақсаты

6B01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі білім бағдарламасының басты мақсаты – бәсекеге қабілетті қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімін даярлау. Қазақ тілі мен әдебиеті бойынша берілетін білім жүйесі мемлекеттік тіліміз бен рухани мұра – қазақ әдебиетінің даму тарихы, теориялық мәселелерін қамтиды. Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша жасақталып отырған бағдарлама – болашақ маманның академиялық бакалавр дәрежесіне сәйкес білім базасын қалыптастырады. Осы негізде білім алған мамандық иесі білім мекемелерінде өз саласы бойынша біліктілік пен дағды меңгертеді.

2.2 ББ негіздемесі студенттер үшін

Қазақ тілі мен әдебиеті, оның кешегі және бүгінгі тарихы – қашан да білім алушы студент үшін аса құнды білім жүйесі. Өйткені, өз бастауын түркі дүниесінен алатын ана тіліміз – ұлт тұтастығын қалыптастыратын, ұлттық құндылықтарды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізе отырып, ұрпақ сабақтастығын, сондай-ақ, рухани мәдениетіміздің рухани жаңғыруына өз үлесін қосатын бірден-бір руханият мәйегі. «Тілі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады» (А.Байтұрсынов), - деп тілтанушы ғалымдар атап көрсеткендей, қазақ тілі мен оның әдеби мұраларының тұтастығын сақтауда аталмыш мамандық студенттер үшін аса маңызды. Себебі, еліміздің тілін, ділін, дінін, тарихын, әдебиеті, мәдениетін келер ұрпаққа жеткізіп және кәсіби білім беретін, ұлтымыздың рухани құндылықтарына сай ұлтжанды (патриот) ұрпақ тәрбиелейтін – осы мамандықтың түлектері.

Бүгінгі мемлекеттік тіл саясатына сай латыннегізді жаңа қазақ әліпбиін халыққа кәсіби тұрғыда кеңінен таратып, қоғамға игертетін – Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығын бітірген кәсіби мамандар.

2.3 Еңбек нарығының қажеттілігі

6B01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі білім бағдарламасы қазіргі таңдағы еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, орта мектептерде кеңінен қолданыс тапқан жаңартылған білім мазмұнына сай сапалы кәсіби білім беруді мақсат етеді. Қазіргі таңда Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі және Орыс мектептеріндегі қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі мамандықтары жоғары сұранысқа ие.

2.4 Кәсіби жұмыс саласы

6B01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі білім бағдарламасы бойынша білім алып шыққан болашақ маманның кәсіби жұмыс саласы Қазақ тілді орта білім беру мектептері мен гимназиялары, лицейлері, Орыс тілді орта білім беру мектептері мен гимназиялары, лицейлері, орта кәсіптік колледждер, сонымен қатар Жоғары оқу орнының ғылыми-зерттеу бөлімдері, ғылыми-зерттеу институттары бола алады.

2.5 Кәсіби жұмыс нысаны

6B01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі білім бағдарламасы бойынша білім алып, кәсіби біліктілікке ие болған сала мамандарының болашақ кәсіби нысандары орта мектептер, гимназиялар, лицейлер және кәсіптік колледждер, ғылыми-зерттеу институттары мен ЖОО-ның ғылыми-зерттеу бөлімдері болып табылады.

3. ББ ОҚЫТУДЫҢ КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕСІ

Қазақстан тарихының дамып, қалыптасу ерекшеліктері мен заңдылықтарын терең түсініп және дәуірлер бойынша ғылыми сараптай отырып, азаматтық ұстаным қалыптастыру (ОН1).

Философия, саясаттану, мәдениеттану, психология пәндері бойынша базалық білімдерді негізге ала отырып, түрлі деңгейдегі тұлғаралық, әлеуметтік кәсіби қатысым жағдаяттарды бағалай білу (ОН2)

Тұлғаралық, мәдениетаралық, өндірістік (кәсіби) тілдесім мәселелерін шешу үшін қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде ауызша және жазбаша тілдік қатысым жүргізу;(ОН3)

Түрлі ақпараттық-коммуникациялық технология жетістіктерін тұлғалық жеке қызметінде пайдалану: ғаламтор қоры, ақпаратты іздеу, сақтау, өңдеу, қорғау және тарату үшін бұлтты және жылжымалы қызметтер техникасын игеру; (ОН4)

Дене шынықтыру әдістері мен құралдары арқылы толыққанды әлеуметтік және кәсіптік қызметті қамтамасыз ету, сондай-ақ, өзін-өзі дамыту және мансаптық өсу үшін өмір сүру барысында қажетті жеке білім беру траекториясын қалыптастыру. (ОН5)

Педагогика, психология, биология ғылымы салалары бойынша теориялық білім бере отырып, өзіндік пікірін айта білуге дағдыландыру арқылы мәселе шешімін таба білуге дағдыландыру (ОН6).

Критериалды бағалау, инклюзивті білім беру бағыты бойынша теориялық білімдерді игерте отырып, педагогикалық тәжірибе өткізуге қажетті дағды қалыптастыру (ОН7).

Көне түркі дәуірінен бастауын алатын қазақ жазуының тарихы және дыбыстық жүйесі, тарихи грамматикасы, сөздік құрам, сөздік қорды толықтыратын қайнар көз – қазіргі қазақ әдеби тілінің қызметтік стильдері (функционалдық стильдер) туралы теориялық білім бере отырып, ойды көркем тілмен жеткізу мақсатында мәтінге лингвистикалық талдау жүргізе білу.(ОН8)

Модуль бойынша білім алушы ауыз әдебиеті және балалар әдебиетін арнайы пән ретінде оқу арқылы мамандығын, халықтық шығармашылықпен байланыстыра дамыта отырып, қазақ әдебиетінің тарихын ежелгі дәуірін сабақтастыра игереді.(ОН8)

Әдебиеттану ғылымын құрайтын ұғымдарды игерте отырып, әлем әдебиеті шығармаларын оқу, мәтінге кешенді, салыстырмалы, текстологиялық талдау жүргізу арқылы студенттің сюжет пен композиция компоненттерін, жазушы стилін ажырата білуі, өз ойын еркін жеткізуі, пікірталасқа түсуі және алған білімін тәжірибеде қолдана білуі. (ОН9)

Қазақ тілінің сөзжасамдық әлеуеті, сөзжасамдық үлгі, тізбек, ұя және морфологиялық жүйесі, грамматикалық мағына, грамматикалық форма, грамматикалық категория, түбір және қосымша морфема, сөздердің тұлғалық өзгеруі, сөз сөз таптары, олардың жасалу жолдары мен тәсілдері, сөз тіркесі, сөз тіркесінің байланысу тәсілдері, сөйлем, сөйлемнің түрлері туралы теориялық білімді игере отырып, сөзжасамдық, морфологиялық, сондай-ақ, синтаксистік талдау жүйесін меңгеру. (ОН10)

Студентті оқытудың жаңа технологияларын, жалпы білім беретін мектептерге арналған білім бағдарламасына сүйене отырып, ұзақ мерзімді күнтізбелік, қысқа мерзімді сабақ жоспары т.б. қажетті педагогикалық құжаттарды құрастыруға дағдыландыру, бағалау өлшемдері, жиынтық бағалау, ағымдағы бағалау жұмыстарының әдіс-тәсілдерін меңгерту. (ОН11)

Жалғамалы (агглютинатив) қазақ тілі және қосармалы (флектив) орыс тілдерінің құрылымдық айырмашылықтарын салыстырмалы тұрғыда меңгертіп, екі тілдік аударма барысында кездесетін ерекшеліктерді игерту. (ОН12)